



Аудан айнасына 60 жыл

ҚҰРМЕТ

## АРДАГЕРЛЕР – ДАНАЛЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Жуырда облыстық әкімдікте облыстық ардагерлер ұйымының ІХ есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Ауқымды жиында ұйымның атқарған жұмыстары қорытындыланып, алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттері айқындалды.

Аружан КҮНТУБАЙ

Қыдыралыұлы марапат иесін аудандық әкімдіктің кіші мәжіліс залында арнайы қабылдап, құрмет көрсетті. Қабылдау барысында өңір басшысы ардагерлердің қоғамдағы орны ерекше екенін атап өтті.

– Ардагерлер – ел бірлігінің ұйытқысы, даналықтың қайнар көзі. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен елге сіңірген еңбектеріңіз – кейінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге. Мемлекет пен қоғам дамуына қосқан үлестеріңіз әрдайым жоғары бағаланады, – деген аудан әкімі ардагерлердің еңбегіне жоғары баға беріп, алдағы уақытта да ел игілігі жолындағы қызметтеріне табыс тіледі.

Конференция қорытындысында өңірдің қоғамдық өміріне белсене араласып жүрген ардагерлердің бірқатары марапатқа ие болды. Солардың қатарында аудандық билер кеңесінің төрағасы Батырбек Саршаев 2025 жылдың қорытындысы бойынша «Жамбыл облысының «Үздік би» номинациясын иеленсе, Сембек Пірімқұловқа «Жамбыл облысының Құрметті ардагері» төсбелгісі табысталды.

Осы ретте аудан әкімі Ерлан



МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

## АГРОСАЛАНЫ ДАМУ – БАСТЫ НАЗАРДА



Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Жиында сөз алған Аграрлық несиелендіру корпорациясы несиелендіру бөлімінің бас маманы Айгерім Ақназарова: «Береке» бағдарламасы – негізінен ауыл шаруашылығын, соның ішінде мал

Дүйсенбі күні аудан әкімінің орынбасары Нұржан Мұқашев өңірдегі ірі шаруа қожалық иелерінің қатысуымен жиын өткізді. Шаруаларға мал шаруашылығын дамытуға арналған «Береке», «Игілік» мемлекеттік бағдарламаларын жете түсіндірді.

шаруашылығын (ірі және ұсақ қара мал) дамытуға, ет өндірісін арттыруға бағытталған жеңілдікті несиелеу жобасы. Бағдарлама аясында қатысушылар 3 млн теңгеге дейін 6 пайыздан аспайтын жылдық мөлшерлемен және 7 жылға дейінгі мерзімге несиелендіреді. Бұл асыл тұқымды мал сатып алуға мүмкіндік береді. Ал, «Игілік» бағдарламасы – елімізде асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға және жоғары өнімді мал сатып алуға бағытталған жаңа жеңілдетілген

несиелеу бағдарламасы. Осы бағдарлама аясында несиелер жылдық 6 пайызбен 7-10 жыл мерзімге және 2 жылдық жеңілдікті кезеңмен беріледі. Мал басын арттыруға арналған керемет мүмкіндік десе де болады», – деп шаруаларды бағдарламаға қалай қатыса алатынынан хабардар етіп, сауалдарына тұщымды жауап берді.

Өз кезегінде Нұржан Нұрланұлы шаруалар мал шаруашылығын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларға қатыса алатынын жеткізді.



ТАҒАЙЫНДАУ

Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы күштері бас штабы бастығының 2026 жылғы 12 наурыздағы №25-оқ бұйрығымен капитан Үсенов Ерғали Жұмағұлұлы Жамбыл облысы Жамбыл ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы болып тағайындалды



Үсенов Ерғали Жұмағұлұлы 1989 жылы 26 қыркүйекте Маңғыстау облысы Қызылтөбе ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Білімі – жоғары.

Еңбек жолын 2011 жылы Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде жүргізуші болып бастаған. 2011-2012 жылдары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарында мерзімді әскери қызметте болған. 2013 жылы сәуір айында келісімшарт бойынша әскери қызметке шақырылған. 2013-2015 жылдары Ақтау қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы бөлім бастығының көмекшісі, 2015-2018 жылдары Ақтау қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасында аға маман, 2018-2019 жылдары Ақтау қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасында шақыру

бөлімшесінің сержанты, 2019-2020 жылдары Ақтау қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасында келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау және іріктеу бөлімшесінің бастығы, 2020-2023 жылдары Маңғыстау ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімде жасақтау тобының бастығы, 2023-2024 жылдары Ақтау қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасында әскерге шақыру және әскерден тыс жұмыс бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған. 2024 жылдан 2026 жылдың 12 наурызына дейін Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімде жұмылдыру бөлімшесінің бастығы болған.

## ЖАЗЫЛЫМ- 2026

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ «ШҰҒЫЛА-РАДУГА» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ ЖӘНЕ РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

KAZPOST

6 айға – 3763,50 теңге

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға – 2700 теңге

Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ: 2-17-98, 8 747 659 42 68



## ИССАПАР

Кейінгі жылдары билік бұқараның қолайлы ортада өмір сүруіне, табысын көбейтуге, әлауқатын арттыруға, тұрмыс сапасын жақсартуға көңіл бөліп келеді. Әсіресе, ауылдағы ағайынға деген қолдау айрықша. «Ауыл – ел бесігі», «Ауыл аманаты», «Дипломмен – ауылға!» мемлекеттік бағдарламалары – соның айқын көрінісі. Бұл бағдарламалар арқылы ауылдағы қарапайым азаматтар жағдайын жақсартып, тұрмысын түзеуде. Елді мекенде қараша халыққа қажетті жағдай жасалуда.

## БАҒДАРЛАМАЛАР ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСУДА?

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Жамбыл облысына арнайы келген Ұлттық экономика министрлігінің Өңірлік даму департаментіне қарасты шағын және моноқалаларды дамыту басқармасының бас сарапшысы Қалмахан Нұрболұлы сапарын біздің ауданымыздан бастады. Ол жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде атқарылған жұмыстарды назарға алып, бірқатар нысанды аралап, өңірдегі өзекті әрі түйткілді мәселелерден хабардар болды.

Иссапар барысында Қалмахан Нұрболұлы аудан әкімдігі экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Салтанат Жолдасовамен бірге Тастөбе ауылында «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында салынып жатқан спорт кешеніне, Аса ауылындағы кәсіпкер Раушан Бағысованың «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы ашқан тігін цехына, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй сатып алуға несие алған



Б. Момышұлы атындағы орта мектеп-гимназиясының алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Бақтыбек Смағұлдың үйіне, аудандық «Техникалық шығармашылық және кәсіби бағдар беру орталығының» орыс тілі педагогы Айжан Байбектің үйіне, аудандық орталық ауруханаға, Тоғызтарау ауылындағы Т.Токтаров атындағы орта мектепке барды. Тастөбе ауылындағы спорт кешенінің құрылысы ағымдағы жылы аяқталатынын, 2004 жылы

пайдалануға берілген аудандық орталық аурухана ғимараты күрделі жөндеуді қажет ететінін, жобалық-сметалық құжаттары әзірленгенін, сараптамадан өткізілгенін, жоба әлі күнге дейін қолдау таппағанын, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Т.Токтаров атындағы орта мектепке жапсарлас спорт зал, асхана салынып жатқанын біліп, жұмыс барысымен танысты.

Сапар соңында бас сарапшы ауданда «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бойынша қандай жұмыстар атқарылғанын қаперге алып қайтты.

## ЗАҢ МЕН ТӘРТІП



## ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОРҒАНЫ

Бүгінде елімізде заң мен тәртіпті берік ұстану аса қажет. Шынында, заң ережелері адамды шектеуге емес, қорғауға қызмет етеді. Әрбір бұзылған заң – мемлекеттік институттарға көрсетілген қоқан-лоққыдан бөлек, азаматтардың ары мен намысын аяққа таптаумен тең. Осыны анық түсіну қоғамдағы өзара құрметтің өзегін қалыптастырады.

Заң үстемдігі болмай әділдік орнамайды. Азаматтары заңға сенуден қалып, ережелері орындалмай жатқан елдің құрдымға кетуі оңай. Бұл қоғамға да қатысты тенеу. Біздің әрқайсымыз «ештене етпейді» деген оймен заң бұза берсек, әділдіктің өзегін шірітеміз. Сондай-ақ заңды берік ұстану ұлттық қауіпсіздікке тікелей ықпал етеді. Егер балаларыңыздың құқығы қорғалатын дамыған мемлекетте өмір сүргенін қаласаңыз, өзіңізден бастаңыз. Ол үшін әркім өзінің құқықтары мен міндеттерін айшықтаған Конституцияны оқып, заңды жетік меңгеруге тиіс. Сол

арқылы өзгелерге үлгі болып, заңды берік ұстанады.

Қоғамда құқықтық мәдениет неғұрлым жоғары болса, соғұрлым құқық бұзушылық азайып, адамдар арасындағы сенім артады. Әсіресе, жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру маңызды.

Қазіргі қоғамда жастардың құқықтық сауаттылығы – ел дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі. Жастар құқықтары мен міндеттерін білуі, заң талаптарын түсінуі және оларды өмірде дұрыс қолдана алуы тиіс. Заңды білетін жас өз болашағын сенімді құра алады және қоғамдағы орнын дұрыс

анықтайды. Құқықтық сауаты бар жас өз пікірін заң аясында қорғайды, міндетін адал орындайды. Ол мемлекет заңдарына құрметпен қарап, тәртіп сақтаудың маңызын түсінеді. Мұндай жастар қоғамда әділдік орнатуға үлес қосады. Жас ұрпақтың заңға көзқарасы мемлекеттің болашақ дамуына тікелей әсер етеді. Жастар арасында құқықтық мәдениет қалыптасса, қоғамда тәртіп күшейеді, қылмыс азаяды.

Еліміз бүгінде қуатты, құқықтық мемлекет құрудың даңғыл жолына түсті. Бұл жол оңай емес. Оны әрбір азаматтың, оның ішінде жастардың саналы жасаған қадамымен басып өте аламыз. Заңды берік ұстанып жасалған қадам болашағымызды жарқын, келешегімізді кемел етеді.

Алма ЕЛІБАЙ,  
аудандық «Жастар ресурстық орталығының» жастармен жұмыс жөніндегі маманы.

## МӨЛДІР БҰЛАҚ

## Бұлақтың көзін ашты

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасы аясында Су ресурстары және ирригация министрлігі еліміздің барлық өңірінде бұлақтарды тазалауға бағытталған «Мөлдір бұлақ» экологиялық акциясын бастады. Ауа райына байланысты алғашқы кезеңде акция еліміздің оңтүстік өңірлеріндегі 28 бұлақта өткізілді. Оған бір мезгілде шамамен 3,8 мың адам қатысты.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Айтулы экологиялық акция біздің ауданда да ұйымдастырылып келеді. Бұл жолы Айшабиби ауылдық округіне қарасты Әулікөл ауылының аумағындағы бұлақтың көзі ашылды. Игілікті іске аудан әкімінің орынбасары Нұржан Мұқашев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сырлыбаев, аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Бауыржан Токтасынов, ішкі саясат бөлімінің басшысы Талғат Тойшыбаев, аудандық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Жандар Токсаба белсене қатысып, ауданның белсенді жастарымен, еріктілермен бірге бұлақтың көзін



ашты. Оның айналасын қоқыстан тазартып, абаттандырды. Сәндік ағаш көшеттерін отырғызды.

– Су – тіршіліктің бастауы. Өңірдегі әр бұлақтың тазалығы – біздің ортақ жауапкершілігіміз. Біз бүгін тек табиғатты қорғап қана қоймай, қоғамға үлгі болуға тырыстық. Еріктілер мен жастарымызға рақмет. Олар қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жүйелі жұмыстарға үлес қосып жатыр. Бірге әрекет етсек, ісіміз өнімді болады, – деді Бақыт Уәлиұлы іс-шара барысында.

Бүгінде ел аумағындағы бұлақтарды түгендеу жұмыстары жүргізіле бастады. Әзірге 711 әлеуетті бұлақ анықталды. 2772 бұлақты қамтитын карта жасакталды. Бұлақтар су ресурстары тапшылығы жағдайында сумен қамтамасыз етудің қосымша көзі ретінде қарастырылады.

## ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ

## Жоспардан тыс 5 аудиторлық іс-шара жүргізілді

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен жүктелген міндеттер мен функцияларға сәйкес ағымдағы жылы 5 жоспардан тыс аудиторлық іс-шаралар жүргізілді. Оның ішінде комитеттің тапсырмасы бойынша – 4, заңды және жеке тұлғалардың өтініштері бойынша – 1.

Аудиторлық іс-шаралардың нәтижесінде 7 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша 5 жағдайда жалпы сомасы 1083,7 млн теңгені құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталды. Оның ішінде бюджетке өтелуге жататыны – 26,3 млн теңге (бюджетке толық көлемде өтелді), қалпына келтіруге жататын – 1057,4 млн теңге (орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер арқылы 928,2 млн теңге қалпына келтірілді).

Айта кетсек, қаржылық бұзушылықтардың келесі түрлері анықталды, олар:

– орындалмаған жұмыстар және жеткізілмеген тауарлар үшін қаражатты төлеу – 980,7 млн теңгеге;

– мемлекеттік активтерді пайдаланудағы бұзушылықтар 103,0 млн теңгеге анықталды.

Департаментпен камералдық бақылаумен мемлекеттік сатып алудың 11439 рәсімінің 11434-і қамтылды, бұл 100 пайызды құрайды. Оның аясында тапсырыс берушіге 1103 хабарлама жолданды, оның ішінде 1057 хабарлама орындалды.

Камералдық бақылау негізінде бұзушылықтарды жою туралы жіберілген хабарламаларды уақтылы және тиісінше орындамағаны үшін 19 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасалып, соттың қарауына жолданды.

М. ЕГЕМБЕРДИЕВ,  
Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы.



## Жамбыл ауданы әкімдігінің ХАБАРЛАМАСЫ

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 8 сәуірдегі №8 қаулысына сәйкес 2026 жылдың 17 мамырына тағайындалған Ерناзар ауылдық округі әкімінің сайлауына байланысты сайлау учаскесі мен шекарасы туралы.

**№178 сайлау учаскесі**  
**Учаскенің орналасқан жері:** Жамбыл

ауданы, Ерназар ауылдық округі, Ерназар ауылы, Ақшуақ ана көшесі 45, Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Ерназар ауылдық клубының ғимараты.

**Сайлау учаскесінің шекарасы:** Ерназар ауылының аумағы.

## СООБЩЕНИЕ акимата Жамбылского района

В соответствии с постановлением Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии №8 от 8 апреля 2026 года, об избирательном участке и границах в связи с выборами акима Ерназарского сельского округа, назначенными на 17 мая 2026 года.

**Избирательный участок №178**  
**Местонахождение участка:** Жамбылский

район, Ерназарский сельский округ, село Ерназар, улица Ақшуақ ана 45, здание сельского клуба Ерназар коммунального государственного казенного предприятия «Районный дом культуры» отдела культуры и развития языков акимата Жамбылского района.

**Границы избирательного участка:** территория села Ерназар.

## САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ, ОЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

## Жамбыл аудандық мәслихатының ХАБАРЫ

Жамбыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10-бабына сәйкес Жамбыл аудандық учаскелік сайлау комиссияларының босаған орындарын қалыптастыру жөнінде хабарлайды.

№	Комиссия атауы және мекенжайы	Сайлау комиссиясы мүшелерінің саны
1	№150 учаскелік сайлау комиссиясы (Гродеково ауылы, Ақжол көшесі №7, Гродеково орта мектебінің ғимараты)	3
2	№151 учаскелік сайлау комиссиясы (Қызылдіхан ауылы, Абай көшесі №1, №4 бастауыш мектебінің ғимараты)	1
3	№159 учаскелік сайлау комиссиясы (Айшабиби ауылы, Жібек жолы көшесі №114А, Айшабиби ауылдық мәдениет үйінің ғимараты)	1
4	№160 учаскелік сайлау комиссиясы (Айшабиби ауылы, Айшабиби көшесі №43А, Айшабиби орта мектебінің ғимараты)	1
5	№175 учаскелік сайлау комиссиясы (Жамбыл ауылы, Ақтөбе көшесі №2Г, Жамбыл атындағы орта мектебінің ғимараты)	1
6	№177 учаскелік сайлау комиссиясы (Өрнек ауылы, Бекпенбет Әбілдаулы көшесі №37, Өрнек ауылдық кітапханасының ғимараты)	1
7	№471 учаскелік сайлау комиссиясы (Гродеково ауылы, Ақжол көшесі №88В, Гродеково ауылдық мәдениет үйінің ғимараты)	1
<b>Барлығы</b>		<b>9</b>

Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері 2026 жылдың 15-30 сәуірі аралығында комиссияларға қатысты келесідей құжаттарды аудандық мәслихатқа тапсырады:

1) белгіленген нысан бойынша сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы электрондық және қағаз форматтағы мәліметтер (2-қосымша);

2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімі, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме;

3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісім беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері (1-қосымша).

Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтердің нысандары, сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері Жамбыл

аудандық мәслихаты сайтында сілтеме орналастырылған.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөр басылуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2026 жылдың 15-30 сәуірі, дүйсенбі-жұма күндері, сағат 9.00-18.00 аралығында жүргізіледі. Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30 аралығы.

1 және 2 қосымшалардың сілтемесі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-zhambyl-zhambyl>

Белгіленген мерзімнен кейін түскен құжаттар қарауға жатпайды.

Жамбыл аудандық мәслихатының төрағасы – М.Б.Шайдаев

Мәслихаттың орналасқан жері: Аса ауылы, Абай көшесі, №123.

Жауапты адам – Спатов Серік Амангелдіұлы, каб. №216, телефон коды (87233), қызметтік 2-12-75,-16-46; электрондық пошта: asa\_maslihat@mail.ru.

## К СВЕДЕНИЮ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПАРТИЙ И ИНЫХ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ, ИХ СТРУКТУРНЫХ ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ!

## СООБЩЕНИЕ Жамбылского районного маслихата

Жамбылский районный маслихат в соответствии со статьей 10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» сообщает о формировании вакантных мест участковых избирательных комиссий Жамбылского района.

№	Наименование комиссии и адрес	Количество членов избирательных комиссий
1	Участковая избирательная комиссия №150 (село Гродеково, улица Ақжол №7, здание средней школы Гродеково)	3
2	Участковая избирательная комиссия №151 (село Кызылдіхан, улица Абая №1, здание средней школы №4)	1
3	Участковая избирательная комиссия №159 (село Айшабиби, улица Жібек жолы №114А, здание сельского дома культуры Айшабиби)	1
4	Участковая избирательная комиссия №160 (село Айшабиби, улица Айшабиби №43А, здание средней школы Айшабиби)	1
5	Участковая избирательная комиссия №175 (село Жамбыл, улица Ақтөбе №2Г, здание средней школы имени Жамбыла)	1
6	Участковая избирательная комиссия №177 (село Орнек, улица Бекпенбет Әбілдаулы №37, здание Орнекской сельской библиотеки)	1
7	Участковая избирательная комиссия №471 (село Гродеково, улица Ақжол №88В, здание Гродековского сельского дома культуры)	1
<b>Всего</b>		<b>9</b>

Срок полномочий избирательных комиссий составляет пять лет.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии.

Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия предложений политических партий маслихаты избирают избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Политические партии, другие общественные объединения, их структурные подразделения в период с 15 по 30 апреля 2026 года представляют в районный маслихат следующие документы, касающиеся комиссий:

1) сведения о кандидатурах в состав избирательных комиссий по установленной форме в электронном и бумажном формате (приложение 2);

2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатур в состав соответствующих избирательных комиссий;

3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме (приложение 1).

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте ссылка маслихата района.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием предложений по составам избирательных комиссий проводится с 15 по 30 апреля 2026 года, с понедельника по пятницу, с 9.00 до 18.00. Обеденный перерыв с 13.00 до 14.30.

Ссылка на приложения 1 и 2: <https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-zhambyl-zhambyl>

Документы, поступившие после указанного срока, не рассматриваются.

Шайдаев М.Б. – председатель Жамбылского районного маслихата.

Местонахождение маслихата: село Аса, ул. Абая, №123.

Ответственное лицо – Спатов Серік Амангелдіевич, каб. №216, междугородный телефонный код (87233), служебный 2-12-75,-16-46; электронная почта: asa\_maslihat@mail.ru

## ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

**Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер – жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі. «Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасына сәйкес халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру мақсатында электронды түрде қызмет көрсету заман талабына сай қарқынды дамуда.**

Заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда қамтамасыз етуге міндетті. Бұл өз кезегінде мемлекеттік органдардың ішкі бизнес-үдерістерін автоматтандыруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен азаматтардың өзара іс-қимылының

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

ең тиімді нысаны ретінде электрондық мемлекеттік қызметтерді дамытуға ықпал етеді. Қызметтерді автоматтандырылған режимге ауыстырудың негізгі артықшылығы ретінде қызмет алу туралы ақпарат алуға қолжетімділікті, мемлекеттік қызметтерді алу рәсімдерін жеңілдетуді, қызмет алуға байланысты уақытша шағындарды қысқартуды, үйден немесе жұмыс компьютерінен мемлекеттік қызметтерге өтініш беруді атап өтуге болады.



Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппаратында орналасқан «Өзіңе-өзі қызмет көрсету» бұрышына арнайы маман бекітіліп, заңға сәйкес нұсқаулықпен «Электрондық үкімет» порталы, Mgov, Telegram-бот, @EgovKzBot мобильді мессенджерін пайдалану арқылы керекті қызметтерді жергілікті тұрғындарға қолжетімді етуде. Ауылдық округ әкімі аппаратының негізгі функцияларының бірі – мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрғындардың өтініштерін қанағаттандыру,

мүмкіндігі шектеулі жандар мен барлық қызмет алушыларға қолайлы жағдай жасау. Бұл бағытта тиісті жұмыстар күнделікті жүргізілуде.

Р а с ы н д а, х а л ы қ т ы ң компьютерлік сауаттылығын көтеру, халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін жақсарту, сол арқылы мемлекеттік қызмет сапасын арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністері мен бюрократтық тосқауылдың азаюына негіз тудыру, рұқсат беру құжаттарының тізбесін қысқарту мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын жақсартады. Азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін арттырады.

**Мақпал БИҒАЗИЕВА,**  
**Жамбыл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-іс жүргізушісі.**

БОЛАШАҚ

# Арман – асқақ, мақсат – анық



**Заман ағымымен алға озған сайын ұлт болашағының баянды болуы алдымен зерек те зейінді, талапты да талантты ұрпақтың қолында екені айқын аңғарылады. Қай кезеңде де елдің еңсесін тіктеп, рухын асқақтатқан білім мен парасатты серік еткен ойлы жастар болғаны мәлім.**

Аружан КҮНТУБАЙ



Бүгінгі таңда да сондай үмітті үкілеген, көкірегінде сәулесі бар, талаптың тұлпарына мінген дарынды оқушылар ел мерейін үстем етіп келеді. Олар білім бәйгесінде топ жарып, ғылым додасында дараланып, өңірдің абыройын асқақтатуда. Дарын Жаратқанның берген сыйы десек, сол қасиетті ұштап, ұлы мұратқа жетелейтін – маңдай тер мен тынымсыз еңбек. «Талаптыға нұр жауар» деген халық даналығы осындайда айтылса керек. Бұл жолда ұлағатты ұстаздардың орны айрықша. Көкірек көзін ашып, шәкірт жүрегіне шырақ жаққан ұстаз – ұлт болашағын тәрбиелеуші киелі тұлға. Олар жас дарынның қанатын қатайтып, бағыт-бағдар беріп, биік белестерге жетелеуде аянбай еңбек етеді. Сонымен қатар, перзентінің болашағына сенім артқан ата-ананың мейірімі мен қолдауы да – жетістікке бастар алтын арқау. Осы орайда аудандық орталық кітапхананың мәжіліс залында «Жетістікке жетелеген жүздесу» атты дарынды жастармен кездесу өтті. Білім мен ғылым бәйгесінде биік белестерді бағындырып жүрген дарынды жастарға қолдау көрсету, олардың еңбегін ел алдында кеңінен насихаттау және болашаққа бағыт беретін пікір алмасу алаңы ретінде өрбіген бұл жиында жастар ой еркіндігіне жол ашып, көкейдегі сауалдар мен толғандырған мәселелерді бүкпесіз жеткізуге мүмкіндік алды. Басқосуда білім додаларында топ жарып жүрген олимпиада жеңімпаздары, ғылыми жобалар

байқауларының жас зерттеушілері, өнер мен шығармашылықтың биігіне қанат қаққан дарын иелері, сондай-ақ ұлағатты ұстаздар қатысып, мазмұнды пікір алмасты. Әр саладағы жас таланттар мен тәжірибелі педагогтардың басын қосқан бұл жүздесуді аудандық білім бөлімінің басшысы Қуаныш Бақытұлы ашып, жүргізіп отырды. Ол өз сөзінде бүгінгі талапты жастар – ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар екенін тілге тиек етіп, дарын мен еңбектің егіз ұғым екенін ерекше атап өтті.

Аудан әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова жастармен еркін пікір алмасып, мемлекет тарапынан жас ұрпаққа жасалып отырған қамқорлық пен білім саласындағы мүмкіндіктерді кеңінен сөз етіп, жастарды ізденіс пен ілгері ұмтылысқа үндеді.

– Құрметті ұстаздар, ардақты оқушылар! Бұл басқосу – ауданымыз үшін ерекше кездесу. Мұнда білімді, дарынды жастар бас қосты. Сіздердің жетістіктеріңіз – аудан мерейі, ел үміті. Бұл табыстардың артында ұстаздар мен ата-аналардың еңбегі зор. Сіздер – еліміздің болашағысыздар. Білім алып қана қоймай, ойлы, ізденімпаз болу маңызды. Асқақ арманмен алға ұмтылыңыздар! Арман – биік, мақсат анық болса, алынбайтын асу жоқ. Ал аудан әкімдігі сіздердей дарынды жастарды әрдайым қолдайды, – деген Махпал Сатыбалдықызы мазмұнды ойларымен бөліскен жастарды үнемі талаптануға шақырып, өмірлік өз тәжірибесінен алынған өнегелі мысалдармен жеткізді.

Диалог барысында жастар көкейлерінде жүрген сан түрлі сауалдарын ортаға салып, білім жолындағы бағыт-бағдар, өмірлік мұрат, жетістікке жетудің сырлары жөнінде еркін ой өрбітті.

Шара барысында ел үмітін ақтап жүрген дарынды оқушылар да сөз алып, өз жетістік жолдарын баяндады. Атап айтқанда, республикалық ғылыми жобалар байқауының жеңімпазы, алтын медаль иегері Махсуд Усипов пен облыстық «Ақберен» шығармашылық байқауының жүлдегері Кәусар Бейсенбек және өзге де оқушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, талап пен еңбек қана биік белеске бастайтынын тебірене жеткізді.

Шара соңында үздік оқушыларға естелік сыйлықтар мен олардың жетекші ұстаздарына аудан әкімінің Алғыс хаттары табысталды.



ӘУЛИЕАТА ӘУЕНДЕРІ

«Әулиеата әуендері» – Жамбыл облысы аумағында шығармашыл жастардың өнерін қолдау, олардың шығармашылық әлеуетін арттыру және ұлттық өнерді насихаттау мақсатында ұйымдастырылатын облыстық мәдени-шығармашылық жоба. Аталған жоба аясында қатысушылар вокал, дәстүрлі ән және аспапта орындау номинациялары бойынша өнер көрсетеді. Іріктеу кезеңдерінде олардың орындаушылық шеберлігі, сахналық мәдениеті және көркемдік деңгейі жан-жақты сараланады.

## ӘНДІ СҮЙСЕҢ, МЕНШЕ СҮІ

Жобаның негізгі мақсаты – жас таланттарды анықтау, олардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау және кәсіби өнер жолына бағыт-бағдар беру. Сондай-ақ ұлттық музыкалық мұраны кеңінен насихаттау арқылы жас буынның өнерге деген қызығушылығын арттыру.

Кешке аудандық мәдениет үйінде «Әулиеата әуендері» облыстық жобасының аудандық іріктеу кезеңі өтті. Шығармашы жастар арасында өткен байқау үш номинация бойынша ұйымдастырылды: аспапта орындау, дәстүрлі ән және вокал.

Қазылар алқасының құрамында ҚР Мәдениет саласының үздігі, Облыстық халық шығармашылығы орталығының директоры Ғани Садырбаев, ән өнерінің санлағы, Ш.Қалдаяқов атындағы республикалық байқаудың лауреаты Көпшіл Ертаев,

сондай-ақ облыстық халық шығармашылығы орталығының көркемдік жетекшісі Азамат Байжанов жас өнерпаздардың өнерін саралап, олардың орындаушылық шеберлігі мен сахналық мәдениетіне жоғары талап тұрғысынан баға берді.



Байқау барысында қатысушылар өз өнерлерін ортаға салып, жоғары деңгейдегі орындаушылық шеберліктерін көрсетті. Қазылар алқасының шешімімен вокал номинациясы бойынша тастөбелік Жангелді Амангелді, гродокволық

Қалдар Мұқасан, асалық Инабат Көпжасар, тоғызтараулық Наурыз Оңғалбаев және шоқайлық Ақбота Қосақбаева, ал аспапта орындау номинациясы бойынша асалық Нұрзат Рахымберді мен Азиз Кәдірханұлы облыстық кезеңге жолдама алып, аудан намысын қорғайтын болады.

Аружан СӘКЕНҚЫЗЫ.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

## ҚОҒАМНЫҢ БЕРЕКЕСІ – АДАЛДЫҚТА

**Адалдық – адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Ол шындықты айту, әділ болу, өз ісіне жауапкершілікпен қарау дегенді білдіреді. Адал адам әрқашан сенімге ие болады, ал сенім бар жерде сыйластық пен бірлік қалыптасады.**

Бүгінде адалдық мәселесі қоғам үшін өте маңызды. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мемлекеттік деңгейде жүргізіліп келеді. Сондықтан елімізде адалдық мәдениетін қалыптастыруға арналған «Адалдық алаңы» жобасы жастардың бойына парасаттылық пен әділдік құндылықтарын сіңіруге бағытталған. Қоғамның дамуы да адамдардың адалдығына байланысты. Егер әр адам өз жұмысын адал атқарса, елде тәртіп орнап, әділеттілік күшейеді. Мысалы, ұстаз адал болса – білім сапасы артады. Бүгінде білім саласында академиялық адалдық қағидалары енгізіліп, көшіріп жазу, жалған мәлімет беру сияқты әрекеттерге қатаң талап қойылуда. Дәрігер адал болса – науқастарға сапалы әрі дұрыс көмек көрсетіледі. Ал мемлекеттік қызметкер адал болса – халықтың билікке деген сенімі нығаяды. Бұл туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында бірнеше рет

атап өтіп, «Әділетті Қазақстан» құру үшін ең алдымен адалдық пен заң үстемдігі қажет екенін баса айтқан. Адалдық отбасынан басталады. Ұлттық тәрбие негізінде «өтірік айтпау», «уәдеде тұру», «біреудің ақын жемеу» сияқты ұғымдар бала санасына ерте жастан сіңіріледі. Бала тәрбиесінің 70 пайызы отбасыдағы үлгіге байланысты қалыптасады. Сонымен қатар, жастар арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнамаларда адалдық пен әділдік ең маңызды құндылықтардың бірі ретінде көрсетілген.

Әр азамат өз ісіне адал болса, қоғамымыз да әділетті, тұрақты әрі берекелі болады. Сондықтан адалдықты сақтау – әр азаматтың міндеті ғана емес, ел алдындағы үлкен жауапкершілігі.

**Марат ДАУЛЕНОВ,**  
«Жастар ресурстық орталығы» ақпараттық мониторинг және құқықтық бөлімінің маманы.

**ШҰҒЫЛА-РАДУГА**  
МЕНШІК ИЕСІ:  
«Шұғыла-Радуга» газеті редакциясы» ЖШС  
Бас редактор:  
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ  
Қабылдау бөлмесі: 2-17-98  
Бас редактормен тікелей байланыс: 87765549701

**Бас редактордың орынбасары:**  
Тілшілер:  
Дизайнер-теруші:  
Бас редактордың орынбасары:  
Тілшілер:  
Мақсат ЖҰМАБАЕВ 87059774177  
Аружан КҮНТУБАЙ 87002642761  
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ 87474240395  
Құрбанәлі Шахабай 87788758489  
Жұматай Көксубайұлы 87088419629  
Ғалия АЛИЕВА 87075853423  
2-20-24  
2-13-44  
Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 07.10.2021 жылы қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №КЗ87ҰҰ00041240

Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды.  
Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.  
Таралымы 3064 Тапсырыс №246  
Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады.  
Газета выходит 2 раза в неделю, в среду и в пятницу.  
Индекс: 68991  
Электронды пошта: sugyla@bk.ru  
Біздің мекенжайымыз: Индексі 080200, Аса ауылы, Абай көшесі 78-үйі.